

**«Астана медицина университеті» КеАҚ докторанты Ілбекова Құралай  
Бақытбекқызының 8D10102 - «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Радиоактивті қалдық  
қоймалары жақын орналасқан елді мекендердегі халықтың қатерлі ісік аурушандық  
қаупін бағалау және оны төмендетудің тиімді әдістерін жетілдіру» тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына ресми**

### РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/с №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымының негіздемесі
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағытын көрсету қажет).	Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттары аясында орындалған және «Өмір және денсаулық туралы ғылым» бағытына толық үйлеседі. Зерттеу нәтижелері 2018 -2020 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 26.03.2018 ж. №237 ғылыми гранты бойынша жүзеге асырылған «Радиоактивті қалдықтар қоймаларының ықпал аймағында тұратын халықтың радиациялық қауіптілігін төмендету әдістерін әзірлеу және зерттеу» атты жобаның бір бөлігі болып табылады.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	Диссертация эпидемиология, қоршаған ортаның гигиенасы және радиациялық медицина салаларының тоғысында орындалған және қазіргі заманғы медициналық ғылымның басым бағыттарына толық сәйкес келеді. Автор 2014 - 2023 жылдар аралығындағы деректерге негізделген кең ауқымды ретроспективті талдау жүргізіп, онкологиялық аурушандықтың жыныстық және жас ерекшеліктерін, тұрғылықты жерде тұру ұзақтығын, қатерлі ісіктердің негізгі локализацияларын, сондай-ақ техногендік радиациялық әсердің ықтимал салдарын жан-жақты қарастырған. Зерттеу барысында заманауи биостатистикалық және эпидемиологиялық әдістер

			<p>қолданылған, оның ішінде аурушандықтың стандартталған көрсеткіштерін (SIR) есептеу, өмір бойғы қатерді (Lifetime Risk) бағалау, логистикалық регрессиялық модельдер құру және Каплан - Майер әдісі бойынша өміршендікті талдау жүргізілген. Сонымен қатар, биомониторинг элементтерін пайдалану және онкологиялық қауіптің болжамдық модельдерін әзірлеу зерттеудің ғылыми құндылығын арттырады. Алынған нәтижелер жоғары практикалық маңызға ие және радиациялық - экологиялық қолайсыз аймақтарда онкологиялық аурушандықты ерте анықтау, скринингтеу, алдын алу және басқару бағдарламаларын әзірлеу кезінде қолданылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері медициналық қауымдастық үшін ғана емес, сондай-ақ радиациялық қауіпсіздік, қоғамдық денсаулық сақтау және халықтың денсаулығын қорғау саласындағы мамандар үшін де өзекті болып табылады.</p>
3.	Ғылыми дербестік принципі	<p>Ғылыми дербестік деңгейі:</p> <p>1) <b>жоғары;</b></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) дербестік жоқ.</p>	<p>Қ.Б. Ілбекованың диссертациялық зерттеуі медицина саласында ғылыми және практикалық маңызы жоғары, дербес орындалған әрі мазмұны толық айқындалған зерттеу жұмысы болып табылады. Диссертант зерттеудің барлық негізгі кезеңдерін - бастапқы медициналық және эпидемиологиялық деректерді жинау мен оларды жүйелеуден бастап, статистикалық өңдеу, модельдеу және алынған нәтижелерді интерпретациялау - өз бетінше орындаған.</p> <p>Жұмыста эпидемиологиялық және биостатистикалық талдаудың заманауи әдістері кеңінен қолданылған, оның ішінде стандартталған көрсеткіштерді есептеу, көпфакторлы регрессиялық модельдер құру, радиациялық әсерді бағалау және онкологиялық қауіп деңгейін талдау тәсілдері пайдаланылған. Сонымен қатар, автор зерттелетін өңірлерде жүргізілген</p>

			<p>радиациялық-гигиеналық тексерулерге, сондай-ақ биомониторинг элементтерін қамтитын зертханалық және далалық жұмыстарға тікелей қатысқан. Зерттеу барысында қойылған мақсат пен міндеттердің өзара ішкі бірлігі сақталған, алынған нәтижелер логикалық тұрғыдан жүйелі түрде негізделген және сенімді деректерге сүйенеді. Қорытындылар автордың ғылыми дербестігінің жоғары деңгейін, әдістемелік дайындығын және талдамалық ойлау қабілетін айқын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері ғылыми жарияланымдарда, сондай-ақ практикалық бағыттағы әдістемелік материалдарда көрініс тапқан.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	<p>Ұсынылған диссертациялық зерттеудің өзектілігі ғылыми тұрғыдан жан-жақты негізделген және күмән тудырмайды. Жұмыс қазіргі заманғы медицинаның аса маңызды бағыттарының бірі болып табылатын техногендік сипаттағы иондаушы сәулеленудің созылмалы әсеріне ұзақ уақыт бойы ұшыраған халық арасында онкологиялық аурушандықтың қалыптасу заңдылықтарын зерттеуге арналған. Зерттеу тақырыбының өзектілігі радиациялық - гигиеналық бақылаулардың нәтижелерімен, ресми медициналық - статистикалық деректермен, сондай-ақ 2014 - 2023 жылдар аралығын қамтитын онкологиялық аурушандықтың көпжылдық ретроспективтік талдауымен дәйектелген. Диссертациялық жұмыс радиациялық медицина саласындағы өзекті ғылыми мәселелерді шешуге бағытталған және алынған нәтижелердің ғылыми маңыздылығымен қатар, практикалық денсаулық сақтау жүйесінде қолдану әлеуетінің жоғары екендігін көрсетеді.</p>
		1) <u>негізделген</u> :	
		2) жартылай негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын	<p>Ұсынылған диссертациялық жұмыс құрылымдық тұрғыдан толық қалыптасқан және титулдық парақтан, мазмұннан, нормативтік сілтемелерден,</p>

	айқындайды	анықтамадан, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, бес тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыстың құрылымы диссертация тақырыбына толық сәйкес келіп, зерттеу мәселесін жан-жақты әрі жүйелі түрде ашуға мүмкіндік береді. Диссертацияның әрбір тарауында зерттеу мақсаты мен қойылған міндеттерге сәйкес мәселелер дәйекті түрде қарастырылған. Теориялық және практикалық аспектілер сенімді деректер мен нақты мысалдар арқылы негізделіп, жұмыстың жалпы ғылыми логикасымен өзара тығыз байланыста ұсынылған. Тақырыптың өзектілігі, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, қолданылған әдістемелік тәсілдер, алынған нәтижелер мен тұжырымдалған қорытындылар диссертацияда бірізділікпен баяндалып, қойылған ғылыми мәселелерге толыққанды жауап береді. Бұл диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыпты толық ашатынын және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптарға сәйкес орындалғанын көрсетеді.
	1) <b>айқындайды;</b>	
	2) жартылай айқындайды;	
	3) айқындамайды	
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Зерттеудің мақсаты мен қойылған міндеттері медициналық ғылымның бағытына және диссертациялық жұмыстың тақырыбына толықтай үйлеседі. Олар техногендік сипаттағы иондаушы сәулеленудің созылмалы әсері жағдайында онкологиялық аурушандық деңгейін бағалауға, эпидемиологиялық заңдылықтарды айқындауға, онкологиялық қауіпі жоғары халық топтарын анықтауға, сондай-ақ радиациялық факторлармен байланысты қатерлі ісіктердің алдын алу бойынша ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеуге бағытталған. Зерттеудің мақсаты мен қойылған міндеттері медициналық ғылымның бағытына және диссертациялық жұмыстың тақырыбына толықтай
	1) <b>сәйкес келеді;</b>	
	2) жартылай сәйкес келеді;	
	3) сәйкес келмейді	

		үйлеседі. Олар техногендік сипаттағы иондаушы сәулеленудің созылмалы әсері жағдайында онкологиялық аурушандық деңгейін бағалауға, эпидемиологиялық заңдылықтарды айқындауға, онкологиялық қауіпі жоғары халық топтарын анықтауға, сондай-ақ радиациялық факторлармен байланысты қатерлі ісіктердің алдын алу бойынша ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеуге бағытталған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымдық элементтері өзара логикалық тұрғыдан тығыз байланысқан. Жұмыстың мазмұны зерттеу мақсаты мен қойылған міндеттерге сәйкес дәйекті түрде құрастырылып, теориялық негіздерден бастап, зерттеу әдістемесіне, алынған нәтижелерді талдау мен интерпретациялауға және қорытындыларды тұжырымдауға дейін біртұтас ғылыми логика сақталған. Әрбір тарау алдыңғы бөлімдерде алынған ғылыми алғышарттарға сүйене отырып дамытылып, зерттеу нәтижелерінің кезең-кезеңімен ашылуын қамтамасыз етеді. Бұл диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігін, мазмұндық тұтастығын және құрылымының қисындылығын көрсетеді.
	<b>1) толық байланысқан;</b>	
	2) жартылай байланысқан;	
	3) байланыс жоқ	
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидалар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық жұмыста радиациялық факторлардың әсерімен байланысты онкологиялық аурушандықты бағалауға арналған қолданыстағы эпидемиологиялық тәсілдерге жан-жақты сыни талдау жүргізілген. Осы талдау негізінде автор зерттеу мақсатына сәйкес келетін жетілдірілген әдістемелік тәсілдерді ұсынған. Атап айтқанда, аурушандықтың стандартталған коэффициенттерін (SIR) есептеу, логистикалық регрессиялық модельдерді қолдану, өмір бойғы онкологиялық қауіп деңгейін бағалау және болжамдық модельдер құру әдістері пайдаланылған. Ұсынылған
	<b>1) сыни талдау бар;</b>	
	2) талдау жартылай жүргізілген;	
	3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	

		4) талдау жоқ	әдістер зерттелетін өңірлердің радиациялық жағдайының ерекшеліктеріне бейімделіп, алынған нәтижелерді интерпретациялау мүмкіндігін кеңейтеді. Бұл әдістемелік шешімдер медициналық және санитарлық-эпидемиологиялық тәжірибеде қолдануға бағытталған және олардың ғылыми негізділігі мен практикалық маңыздылығын көрсетеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидалар жаңа болып табылама?	Диссертациялық зерттеуде радиоактивті қалдықтар қоймаларына іргелес орналасқан аумақтарда тұратын халықтың онкологиялық аурушандығына алғаш рет кешенді эпидемиологиялық баға берілген. Техногендік радиациялық орта жағдайында қатерлі ісіктердің құрылымдық ерекшеліктері, деңгейі мен көпжылдық динамикасы, ауру сатылары, өміршеңдік көрсеткіштері және радиациялық факторлармен байланысты өмір бойғы онкологиялық қауіп параметрлері жүйелі түрде талданған. Зерттеу барысында қолданылған заманауи статистикалық және болжамдық модельдер анықталған заңдылықтарды ғылыми тұрғыдан негіздеуге және алынған нәтижелердің сенімділігін дәлелдеуге мүмкіндік берген.
		<b>1) толығымен жаңа;</b>	
		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	
		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
		5.1 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылама?	Иондаушы сәулеленудің төмен дозаларының созылмалы әсері жағдайында халық арасында онкологиялық патологияның қалыптасу ерекшеліктеріне қатысты тұжырымдар сандық көрсеткіштермен дәлелденіп, түпнұсқа эпидемиологиялық деректерді кешенді талдау негізінде алынған. Бұл нәтижелер зерттелетін өңірлерде медициналық-профилактикалық және санитариялық-гигиеналық іс-шараларды жетілдірудің ғылыми негізін қалыптастырады. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста радиациялық факторлармен байланысты онкологиялық қатерді
	<b>1) толығымен жаңа;</b>		
	2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);		
	3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)		

			<p>төмендетуге бағытталған кешенді басқарушылық және профилактикалық шешімдер ғылыми тұрғыда негізделіп, алғаш рет ұсынылған. Ұсынылған шаралар санитариялық-гигиеналық бақылауды күшейтуге, эпидемиологиялық мониторингті жетілдіруге және халықты ақпараттандыру жүйесін дамытуға бағытталған және оларды жоғары радиациялық қауіп аймақтарындағы денсаулық сақтау органдарының практикалық қызметінде қолдануға болады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңаболыптабылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде радиациялық факторлардың әсерімен байланысты онкологиялық қауіп-қатерді төмендетуге бағытталған жаңа, ғылыми негізделген басқарушылық және профилактикалық шешімдер ұсынылған. Бұл ұсынымдар санитариялық-гигиеналық қадағалауды күшейтуге, эпидемиологиялық бақылау жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ халықты ақпараттандыру тетіктерін дамытуға бағытталған. Ұсынылған шаралар жоғары радиациялық қауіп аймақтарында орналасқан өңірлердің денсаулық сақтау органдарының практикалық қызметінде қолдануға жарамды және олардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Автор тұжырымдаған қорытындылар зерттеу барысында қойылған мақсаттар мен міндеттерге логикалық тұрғыдан толық сәйкес келеді және олардан тікелей туындайды. Қорытындылар он жылдық кезеңді қамтитын кең көлемді эпидемиологиялық деректер жиынтығын талдау негізінде алынған. Зерттеу нәтижелері аурушандықтың стандартталған көрсеткіштерін есептеу, көпфакторлы регрессиялық модельдерді қолдану және өміршеңдікті талдау әдістерін қоса алғанда, заманауи статистикалық тәсілдермен дәлелденген. Сандық деректерді дұрыс әрі ғылыми негізделген интерпретациялау алынған</p>

			қорытындылардың сенімділігі мен ғылыми дәйектілігін қамтамасыз етеді.
7.	Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар	<p>Әр тұжырымдар бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Тұжырымдар дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді;</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) Қолданыстағы тұжырымдамада бұл ереженің дәлелдену деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалдыма?</p> <p>1) иә;</p> <p><b>2) жоқ;</b></p> <p>3) Қолданыстағы тұжырымдамада бұл тұжырымның тривиалдылығын (өздігінен түсінікті, айқын екенін) тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>иә;</b></p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) Қазіргі тұжырымда оның ғылыми жаңалығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <b>кең;</b></p> <p>4) Қолданыстағы тұжырымда бұл ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада</p>	<p>7.1 Қорғауға ұсынылған барлық негізгі тұжырымдар түпнұсқалық эпидемиологиялық зерттеу нәтижелерімен жеткілікті деңгейде дәлелденген. Олардың дұрыстығы негізгі және бақылау топтарының көрсеткіштерін салыстыру, сондай-ақ биостатистикалық талдаудың заманауи әдістерін қолдану арқылы ғылыми тұрғыдан негізделген.</p> <p>7.2 Ұсынылған тұжырымдар тривиалды сипатта емес, өйткені олар халықтың нақты өмір сүру жағдайларында техногендік радиациялық факторлардың канцерогенезге ықпалын сипаттайтын, бұрын жеткілікті дәрежеде зерттелмеген аспектілерді қамтиды.</p> <p>7.3 Алынған нәтижелер созылмалы радиациялық әсер жағдайында онкологиялық аурулардың алдын алу мен медициналық бақылауды жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген жаңа ұсынымдарды қамтиды.</p> <p>7.4 Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған қағидалар ғылыми-зерттеу саласында ғана емес, сонымен қатар өңірлік және салалық деңгейлерде профилактикалық іс-шараларды жоспарлау және іске асыру барысында кеңінен қолдануға жарамды.</p> <p>7.5 Диссертацияның негізгі тұжырымдары автордың Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, сондай-ақ халықаралық дерекқорларда индекстелетін басылымдарда жарияланған мақалаларында толық көлемде көрініс тапқан.</p>

		дәлелденген бе?	
		1) <u>иә</u> ;	
		2) жоқ;	
		3) Қолданыстағы тұжырымда мақалада дәлелдену деңгейін түсіну мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік принципі	8.1 Зерттеу әдістемесі дұрыс таңдалған және жеткілікті түрде сипатталған.	Зерттеуде қолданылған әдістемелік тәсіл ғылыми тұрғыдан негізделген және медициналық-эпидемиологиялық зерттеулерге қойылатын қолданыстағы талаптарға толық сәйкес келеді.
	Дереккөздер ұсынылған	1) <u>иә</u> ;	Қолданылған әдістер диссертациялық жұмыста бірізділікпен баяндалып, олардың таңдалуы мен қолданылуы логикалық тұрғыдан дәлелденген әрі жеткілікті деңгейде сипатталған.
		2) жоқ	
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері, сондай-ақ компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған.	Диссертациялық жұмыс ғылыми деректерді жинау және өңдеудің заманауи әдістерін қолдану негізінде орындалған. Алғашқы медициналық және эпидемиологиялық деректерді талдау барысында Stata 16.0, IBM SPSS Statistics 22.0 және Microsoft Excel 2019 бағдарламалық пакеттері пайдаланылған. Қолданылған бағдарламалық құралдар алынған нәтижелердің статистикалық дұрыстығын, объективтілігін және қайта өндірілу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
		1) <u>иә</u> ;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар тәжірибелік зерттеу нәтижелерімен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бағыты үшін –	Диссертациялық жұмыстың теориялық тұжырымдары негізгі және бақылау топтарының көрсеткіштерін салыстыруды қамтитын ретроспективті когорттық зерттеу нәтижелерімен негізделген. Радиациялық әсер деңгейі, өмір сүру ұзақтығы және онкологиялық аурушандық арасындағы статистикалық тұрғыдан мәнді өзара байланыстар айқындалып, алынған қорытындылардың ғылыми дұрыстығы мен негізділігін дәлелдейді.


		педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген).	
		1) <u>иә</u> ;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды тұжырымдар өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы <u>толық расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған (қажеттісін көрсету қажет).	Диссертацияның барлық негізгі тұжырымдары Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) мен Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (АЭХА) нормативтік құжаттарына, сондай-ақ отандық және халықаралық рецензияланатын ғылыми басылымдарда жарияланған заманауи зерттеулерді қамтитын кең көлемді библиографияға сүйене отырып дәлелденген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер дереккөздері әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз (қажеттісін көрсету қажет).	Әдеби шолу ғылыми маңызы жоғары әрі өзекті дереккөздерге негізделген. Пайдаланылған әдебиеттер қоры зерттеу тақырыбының өзектілігін жан-жақты ашуға, мәселенің ғылыми деңгейде қойылуын негіздеуге және қарастырылып отырған проблеманың қазіргі заманғы жағдайын талдауға жеткілікті болып табылады.
9	Тәжірибелік құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыста созылмалы радиациялық әсердің онкологиялық аурушандық көрсеткіштеріне ықпалын сипаттайтын ғылыми тұрғыдан негізделген тұжырымдар қалыптастырылған. Алынған нәтижелер радиациялық эпидемиология және профилактикалық медицина салаларындағы заманауи ғылыми түсініктерді, соның ішінде жоғары онкологиялық қауіп топтарын айқындау және иондаушы сәулеленудің төмен дозаларының ұзақ мерзімді салдарын бағалау мәселелері бойынша тереңдетеді.

		<p>9.2 Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <b><u>иә;</u></b></p> <p>2) жок.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста әзірленген ұсынымдар айқын қолданбалы сипатқа ие және радиациялық жүктемесі жоғары аумақтарда профилактикалық іс-шараларды жоспарлау, санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау мен мониторинг жүргізу барысында тиімді пайдаланылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері денсаулық сақтау саласының мамандары, экология және радиациялық қауіпсіздік саласындағы сарапшылар, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдары үшін ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан елеулі қызығушылық тудырады.</p>
		<p>9.3 Тәжірибелік ұсыныстар жаңа болып табылады?:</p> <p>1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Радиациялық факторлармен шартталған онкологиялық қауіптерді бағалауға арналған ұсынылған тәсілдер мен әзірленген жекелеген ұсынымдар ғылыми жаңашылдық белгілеріне ие. Аталған тәсілдер Қазақстан Республикасының өңірлік және экологиялық ерекшеліктеріне бейімделген және бұрын қолданылған әдістемелік амалдардан мазмұндық әрі қолданбалы тұрғыдан ішінара ерекшеленеді.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <b><u>жоғары;</u></b></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мәтіні ғылыми-академиялық стиль талаптарына толық сәйкес жазылған, мазмұны логикалық тұрғыда жүйеленген және бірізді баяндалған. Қолданылған терминология зерттеу саласына сай және ғылыми тұрғыдан дәл. Материалды ұсыну нақтылығымен, дәйектілігімен және тұжырымдардың айқындығымен ерекшеленеді. Диссертациялық жұмыстың рәсімделуі осы деңгейдегі ғылыми зерттеулерге қойылатын қолданыстағы талаптарға толық сәйкес келеді.</p>
11.	Диссертациялық жұмысқа ескертпелер	<p>Әдеби шолу бөлімінде пайдаланылған дереккөздердің бір бөлігі бұрынғы жылдары жарияланған іргелі еңбектерге негізделген. Бұл жұмыстар зерттеу тақырыбының теориялық базасын қалыптастыруда маңызды болғанымен, әдеби шолуда соңғы жылдардағы жарияланымдардың үлесін арттыру жұмыстың заманауи ғылыми контекстін күшейте түсер еді. Сонымен қатар, диссертацияда халықаралық ұйымдардың (ДДҰ, АЭХА)</p>	

		және қазіргі ғылыми журналдардың деректері қолданылған, бұл зерттеу нәтижелерінің өзектілігін қамтамасыз етеді. Аталған ескерту ұсынымдық сипатта болып табылады және диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығына әсер етпейді.
12.	Зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың ғылыми мақалаларының деңгейі (Егер диссертация мақалалар топтамасы түрінде қорғалатын болса, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әрбір мақаласының ғылыми деңгейіне пікір білдіреді.)	Диссертант зерттеу барысында алынған негізгі ғылыми нәтижелер мен тұжырымдарды қамтитын ғылыми жарияланымдарды ұсынған. Аталған еңбектер Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, сондай-ақ Scopus және Web of Science халықаралық дәйексөздер базаларында индекстелетін шетелдік рецензияланатын журналдарда жарияланған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгілік ереженің 28-тармағына сәйкес)	Медицина ғылымдарының докторы, профессор Қазымбет Полат Қазымбетұлының ғылыми жетекшілігімен орындалған Ілбекова Құралай Бақытбекқызының «Радиоактивті қалдық қоймалары жақын орналасқан елді мекендердегі халықтың қатерлі ісік аурушандық қаупін бағалау және оны төмендетудің тиімді әдістерін жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы осы деңгейдегі ғылыми-зерттеу еңбектеріне қойылатын талаптарға толық сәйкес орындалған, аяқталған ғылыми-біліктілік зерттеу болып табылады. Диссертант қатерлі ісік аурушандығының құрылымын статистикалық талдаудан бастап, өмір бойғы онкологиялық қауіп пен радиациялық әсер ету факторларын бағалауға дейінгі кең ауқымды мәселелерді қамтитын кешенді эпидемиологиялық зерттеу жүргізген. Жұмыс теориялық және қолданбалы маңыздылықты үйлестіре отырып, алынған нәтижелердің жоғары ғылыми дербестігін, негізділігін және тәжірибелік құндылығын айқын көрсетеді. Осыған байланысты Ілбекова Құралай Бақытбекқызына 8D10102 - «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің визуалды диагностика кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор



Жолдыбай Ж.Ж.